

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі
20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____
№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента
« __ » _____ 20 __ года

2021 жылғы 3 ақпанда жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі
С.Ж. Шәпкеновке**

**Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі
Н.А. Ноғабековқа**

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

**Құрметті Серік Жамбылұлы!
Құрметті Нұрлан Асқарұлы!**

Осы депутаттық сауалға себеп, Ақтөбе облысындағы Көкжиде және Бәшенкөл кен орындарындағы "КМК Мұнай" және "АМК Мұнайдың" бір аптаға созылған жүздеген жұмысшыларының ереуілі.

Жұмысшылардың талабына сәйкес компания басшыларымен келіссөздер жүргізілгеніне қарамастан, екі ереуілдің нәтижелері екі түрлі болды.

«КМК Мұнай» жұмысшыларының талаптары мойындалса, «АМК Мұнай» компаниясының шешімі мойындалмағанымен бірдей. Мұнайшының 67000 теңге жалақысына, үш айға 40000 теңгеден қосылатын болды. Осылайша, бір салада істейтін жұмысшылардың жалақыларында 2 жарым есе айырмашылық бар.

Кеше ғана тағы бір Қытайдың "СНПС - Ақтөбемұнайгаз" АҚ-ы жалақысы 55 мың теңгені құрайтын мердігер жұмысшылары жалақы көтеруді талап етіп, ереуіліге шықты.

Мұндай жалақы мұнай саласында бар деп түсіну мүмкін емес.

Бұл оқиға қайтадан шетелдік инвесторлардың қазақ жұмысшыларына төленетін жалақылары қаншалықты әділетсіз екенін көрсетіп отыр.

Мәселе тек осы компанияларда емес.

Сонымен қатар, Қазақстанда жұмыс жасайтын инвесторлардың шетелдік және жергілікті жұмысшылардың жалақысымен оларға берілетін әлеуметтік төлемдердің теңсіздік мәселелері жылдар бойы көтеріліп келеді.

Бір ғана мысал, кейбір кәсіпорындарда сағаттық тарифтік мөлшерлемесі жергілікті инженерге **568** теңге, ал шетелдік қызметкерге **6500** теңге көлемінде тағайындалған.

Бүгінгі таңда, білімді де білікті жастарымыз өз маманы бойынша жұмыс таппай, өз елінде білікті маман ретінде бағаланбай шетелге кетіп жатқаны қанша ма?

Осы орайда назар аударатын жәйт. Өткен айда Алматы облысының тумасы Әсел Төленова АҚШ Президенті Байденнің «Хаттама қызметі» бастығының міндетін атқара бастады. Сондай ақ, әйгілі Google, IBM, Apple т.б. компанияларда қаншама қазақ жастарының жұмыс жасап жатқандарын білеміз.

Сондықтан, Қазақстанда өз жұмыстарын дөңгелетіп отырған шетелдік компанияларға жергілікті қызметкерлердің жалақысына әділетті қарауын сұрайтын уақыт келді.

Дамыған елдерде жер қойнауын пайдаланушылар салық төлеуден басқа жергілікті басшы кадрларды дайындауға, жергілікті бизнеспен бірлескен сервистік компаниялар құруға, өндірілетін шикізатты қайта өңдеуді жолға қоюға міндеттенеді.

Ал бізде ше, Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында қаражат салған шетелдік компанияларының көбі өз инвестицияларын баяғыда ақтап, біздің табиғи байлықтарымыздан бірнеше есе пайда тапты.

Шетелдік шикізат алыптары отыз жылдың ішінде қазақстандық мамандарды оқытуға, біздің азаматтарды компаниялардың басшыларына іріктеп алуға, қолданылатын техниканың саймандарын дайындауға жергілікті бизнеске лицензия алуды жеңілдету, шетелден сатып алынатын тауарларды бірлескен кәсіпорын құра отырып, осы жерден шығаруға мүмкіндік болмады ма? Осыны қалай түсінуге болады?

«Ақ жол» Демократиялық партиясының сайлауалды бағдарламасының басты талаптарының бірі, ол шетелдік жұмыс күшін тартатын кәсіпорындарға қойылатын сұраныстарды күшейту.

Осыған байланысты «Ақ жол» фракциясы:

1. барлық жер қойнауын пайдаланатын инвесторларды, қазақ жұмысшыларының еңбек құқықтарын, сонымен қатар жалақы деңгейін тексеріп, диспропорцияларды жоюды;
2. құзырлы органдардың өңірдегі еңбек нарығын мұқият зерттегеннен кейін ғана шетелдік жұмысшы квоталар бойынша ұсыныстарды қалыптастыруды;
3. сондай ақ, шетелдік инвесторлардан Қазақстанның ұлттық мүддесін сақтауды талап етеді.

Құрметпен,

«Ақ жол» фракциясының депутаттары

**С. Ерубаяев
А. Перуашев
А. Әбілдаев
Е. Барлыбаев
Б. Дүйсенбинов
Д. Еспаева
А. Жұмабаева
Қ. Иса
А. Линник
Е. Өмірғали
М. Раманқұлов
А. Сембинов**

Орынд: Ф.Баженева

тел.: 74-68-77